

Зарпы – Қайғы, мұң.

Құда – құдай.

Қулық – бірінші рет құлындаған жас бие.

Маңқа, қолқа – жылқы малында болатын аурулар.

Атой – хабар деген мағынада.

Қолға (әскерге) бастық етемін деген мағынада.

Жалаңқат – киім, жалаң шапан.

Бәдік – қазақтың ескі әдет-ғұрыптарында ауырған малды емдеу, малдың ауруының «иесін» алдау, арбау, қуу үшін айтылатын салт өлеңі. «Бәдік» кейінгі кезде ойын-сауықта қалжың, күлкі үшін де айтылып жүрді.

Ебене – шөптің аты.

Кебене – киімнің түрі.

Кент – қала.

Азар (парсы)–ыза, ашу.

Қоқты – көл жағалай шыққан қопалы өсімдіктер.

Ниязға – құдайға, құрбандыққа шал деген мағынада.

Тасаттық – құдайға сиыну, жалбарыну мақсатымен құрбандыққа мал шалу, садақа беру.

Әбдесте – сулық, қол сүртетін орамал.

Мақшарда – о дүние мағынасында.

Шәһбаз – сабаз, ер деген мағынада.

Гөзел – сұлу, көркем деген мағынада.

Лабақ – абақты, қараңғы үй.

Пұшман (пұшайман) – парсы тілінен келген сөз, қайғы, қасірет деген мағынада.

Бақал – майда-шүйде (бакалея) деген мағынада.

Мінажат – құдайға жалыну-жалбарыну, сиыну деген ұғымды біл- діреді.

Әбесте (парсы) – қолға су құятын жіңішке ұзын мойынды құман.

Қауыс – ноябрь айы.

Баһар – көктемнің бас кезі.

Шәулі – қаршығаның қыраны.

Қызылбас – парсы жұртының бұрынғы аты.

Құтпан – ұйқтар алдындағы намаз.